



УАН діннен шабылған үлкен астаудағы құлын еті таусылар-таусылмастан таратылған сорпадан соң тоққұрсак қалыпқа енген қонақтар іргеге қарай ысырылып, тіс шұқысуға кіріскенде төрде отырған ақсақал тамақ кенеді. Бұл жан-жақтағыларды сөз тыңдауға шақырған белгі болатын. Соны сезгендер елгезектік таныта жанарларын көтерісіп, төрге бет бұрысты. Іші майланған соң қалғи бастаған бірді-екілі сауыққұмарлар да дәл осы кезде шошыныса селк етісіп, жыпылықтаған көздерімен сол тұсты бағуға көшті. Үй-ішінде сілтідей тыныштық орнаған. Ақсақалдың сол тізесін баса жайғасқан еңгезердей, ерге отырғанда тізесі аттың құлағын қағар қарасұр жігіт те міз бағар емес. Қалың қабақ астынан тесірейген жанары қадалған жерін қарып түсердей ызбарлы-ақ. Дәл осыған басқа түгілі ақсақалдың өзі шыдас бермегендей тамағын тағы бір кенеп алды да, сөзін бастады:

— Шілік басын шық шалса шыңылтыр шақтың кара көрсеткені. Одан әрі күпіңді кебежеден шығармасаң үсікке шалдығуың мүмкін. Ал, көңілді шық шалса қайтпек керек?

Ыстықтағандай оқалы шапанының өңірін ашып тастаған ақсақал өз ойына өзі жауап іздегендей сәл бөгелді, сосын ыңыранды:

— Ындыны жаманның қашанда ылаңы көп болады, жәмиғат. Ырысы қашпаған ел едік, ырдуға түстік те ылдилап кеттік. Бірі бөрі боп тамаққа жармаса, бірі бөлтірік болып балақтан қабуды әдетке айналдырған жау жан-жақтан анталап тұрған шамада даулы басты шарға салған заман туды. Амал қайсы, айла қайдан?..

Ол тағы ыңыранды. Айтпағы бұл емес секілді. Мынау артына зіл кара тасты жасырған көленке іспетте. Күн түссе көленке жойылады да, батпан қарасын көрсетеді. Жүрегің дауаласа, сосын беттеп көр.

Дәл осыны үйдегілер де түсінгендей. Қабара қалған жүздер, қызара қалған көздер ызбарын сыртқа теуіп, ыздып шыға келген.

Ақсақал енді қиыстамады, ақсары өңі алабұртқан күйі тураға көшті:

— Біреу тұртсе тіксінер шақтан өткен ұрпақың, жәмиғат. Ұл тудым деп қалжа жеген ананың белінен, қамалды қақыратар еңсегей атаның кіндігінен өрбіген ұланбыз. Намысқа шапсақ тіктелген найзадан ыққан жеріміз жоқ. Алдаспанды айбар еттік, адыраспанды айғактыққа тарттық, әйтеуір сағымызды сындырмастан бүгінге жеттік. Ұйымымыз жазылмаса, шүкіршілік, атар таңның жалқынымен тағы ауанымызды түзейміз. Олай болса, неден тартынып, неден именгендейміз! Өкпек желдің өгі өткір болғанымен өкпегі тайғанақ. Одан жігерсіз ғана бұғып қалады, жігерліге жіті қимыл жарасқан. Ендеше, енді күнде желкемізді қашан үзер деп күтпей, үзікті жалғау үшін үзенгіге аяқ артқанымыз жөн сияқты.

— Оған кім қарсы болмақ, — деп қалды осы кезде шешеннің оң қапталында отырған келісті жігіт ағасы сәл желініп. — Бұққанға бұғалық батады. Тұйғындай түйіле түспегеннен бұйырған қашады. Өз несібемізді өзгенге ұстата салсақ арымызға сын-дағы! Ал, арды аяққа таптата елдігімізге жараспас. Солай емес пе?!

— Әлбетте!
— Жаным — арымның садақасы!
— Күніне мың өлгеннен бір-ақ өлгенім артық-ты!
— Бастар болсаңыздар, еруге біз дайынбыз!
— Иә, әруақ, қолдай гөр!
— Әруақ!
— Әруақ!!

Әп-сәтте желпініп шыға келгендерді көргенде ақсақалдың да, басқаларының да жүздеріне қан ойнап шықты. Маңай дүрлігіп қоя берді.

Осы басқосудан дәл бір ай шамасы өткенде ауыл сыртындағы қыр етегіне қостар тігіліп, қол жинала бастады. Алдын-ала хабар салынғандықтан мұнда Найманның Матай бұтағынан тарайтын-дармен қоса шығыс пен оңтүстіктегі басқа ру өкілдері де тізгін біріктіріп, тілеулестігін танытыпты. Сонын нәтижесінде жер қайысқан түмен жиналмағанымен анау-мынау қамалдың қабырғасын қақыратар күш топтасып-ақ қалғандай. Ілкімді жігітті жасақ-жасакқа

бөлініп, әредік жаттығуларға қатысып та қояды. Бәрі сайдын тасындай. Жар салсаң жапатармағай жауына сел болып құйылуға бар.

Мұны көргенде Апыр кәдімгідей мазаттанып қалды. Өне бір күнгі алқалы басқосуда ақсақалдың сол тізесін баса отырған дәу осы болатын. Өзі сөзге араласпа да жаугершілік уақыттың жана-лыс-жанберіс шағына қайнай кіруге жақ екенін ол жайнаған жанарымен танытқ-



А П Ы Р Б А Т Ы Р

Деректі
хикаят

ан. Жауға шабуға жұрт рай бергенде ұшар құстай қонданып, бұлқан-талқан ішкі түйсігін эзер басып отырған. Енді, міне, жауапты шақ жақындаған сайын буырқанысы күшейіп, буын-буынын кернеген бұла күшке қайран таппай қайнаумен жүр. Ертенгісін үйден шыққан ол көз байланғанша тыста. Әр қосынның қамқарекетін бақылап, қажет кезінде іс-әрекетке ақыл-кенесін қосады. Етене араласудың арқасында арғы-бергі ауылдардың қолбасшыларымен де танысып алды. Мұның өзі ертенгі арпалыста түсіністікке жол салатынын жақсы түсінеді. Түсінеді де, уақытша болса да әйел-баласын ұмытқандай болады.

Отыздың жуан ортасына шыққан Апыр бұдан бұрын да қол бастаған, жекпе-жекке түсіп, батыр атанған. Бұл Жоңғар шапқыншылығының басында болған жағдайлар. Есе бірде әріге өтіп, бірде беріде қалып жатқан шақта найзаның ұшы мен білектің күшіне сенген атпал жігіт майдан алаңында жасындай жаркылдап, дұшпанға жай оғындай жалын шашқан. Түйрескенмен түйресіп, шанысқанмен шанысып, шабысқанмен шабыса жүріп бедел жинаған, бекемдікке сендірген. Айқас алаңында оның тұрпаты алыстан андағайлап тұратын. Отырғанының өзі төбедей баһадүрдің алдына келуге дұшпаны түгілі досы да қаймығатын мұндайда. Аузынан жалын шаша ақырғанында адам тұрмақ тау қозғалып, жер айырылып түсердей көрінетін. Бір ғажабы сол, екпінін жау беті қайтқан шамаға шейін баспайды-ау баспайды. Тек, бері тынған уақытта ғана әуірімімен аялаға дем салып, үзенгіден аяғын босатады. Атының белі де сонда ғана жазылады.

Ат демекші... Апырға анау-мынау аттардың белі шыдамайды. Дік етіп ерге қонғанында омырауымен жерді сүзе етпеттей құлайды немесе тәлтірек-тәлтірек етіп, қарға адым жерге ұзай алмай майырылып қалады. Содан болса керек, жауға да, жасануға да салатын есік пен төрдей сүлікқара батырдың жалғыз қанаты. Ертенден салсаң кешке озған, еңістен салсаң төске озған сол сүлікқара ғана тақымға шыдас береді. Үлкен жортуылдарда жетекке ат алмайтыны жануарға сенгеннен. Ал, жануар болса сол сенімді ақтаумен келеді. Әлі жерге қаратқан емес. Қаратпайтыны және аян.

Мына бір оқиға әлі есінде. Жоңғарлар әлі ендеп енбеген шама. Алыстағы нағашы ауылынан қыдырыстап қайтқан Апыр тау аңғарындағы түйе-

тайлы сайды бойлай өте бергенінде бесалты адамнан тұратын, сұрқы бөлек жандарға тап болсын. Қару асынған әлгілер де мұны байқап, ат қойған шамада қаны қызған батыр қару-жарағының жоқтығына қарамастан қарсы шапқаны бар. Бұзау тіс қамшысымен қарсы келгенін қақырата соғып, тек ығы дыз еткенде ғана есін жияды. Жараланып қалыпты. Әлдекімнің жебесі ме, найзасы әлде қылышы ма ныққа тайып тиіп, терісін осып түскен. Бешпентінің жеңі жалбырап, одан қан сорғалайды.

Дәл осы арада адамға бітпес ақыл атқа бітсін. Ол жосылғаннан жосылып, ел қарасы шалынғанша шабысынан танбады. Ақыры аңғал батырды тозақ отына түсірмей алып шықты. Басқаша жағдайда бес қаруы сай шолғыншы жасакқа қамшымен қауқар көрсетуі мүмкін еместі. Содан бастап Апыр іс-әрекет үстінде қимыл мен ойдың үндестігін бұзбауға

әңгімелері жанды, құнжың-құнжың жүрістері ширақ.

— Ассалаумағалейкүм! — деп Апыр бәрімен қол алыса, төс түйістіре амандасты.

— Уағалейкүмиссалам, батыр!

Бір-біріне тесіле қалған жанарлар адамның ішкі жан-дүниесін арбағандай біраз тоқталып барып тайқыды. Қыр мұрынды, ат жақты, қою қабақты, қарасұр батырдың міз бақпаған тұрысынан қобалжу байқамаған ел ағасы көңілін демдегендей топтан сәл қиыстай бере әңгімеге желі тартты.

— Батыр, жорық күні де жеткендейін. Ертең аттанып кетерсіңдер деген үміттеміз!

— Ел үшін еңсе жазбағаннан, бой көтермегеннен түңіл. Біз бәріне басымызды байлап қойғанбыз.

— Бас байлау екінің бірінің қолынан келетін әрекет. Өуелгі мұрат аман-есен оралуға құлшыну керек. Екіленген ердің

Төкен ӘЛЖАНТЕГІ



1988 жылғы 30 шілдеде «Жезқазғандүстімет» ғылыми-өндірістік бірлестігінің «За медь» және «Мысты өңір» газеттерінің алғашқы нөмірі шықты. «Мысты өңірдің» алғашқы жауапты шығарушысы Төкен Әлжантегі болды. Сөйтіп газеттің қалыптасуына өз қолтаңбасын қалдырды. Кейінірек біржола шығармашылықпен айналысқан Төкеннің қаламынан оқырмандар жылы қабылдаған бірнеше роман, повестер, әңгімелер туды. Қазақстан Жазушылар одағының Төлеген Айбергенов атындағы сыйлығын алды, «Сорос-Қазақстан» қорының осы заман тақырыбын көтерген шығармаларға жариялаған бөйгесінің жеңімпазы, еліміздің Жазушылар одағының мүшесі. Өзі іргесін қаласқан газет редакциясына күніне бір соқпай кетпейтін ол «Мысты өңірмен» тығыз байланыс жасап тұрады. Газетіміздің мерекесімен Төкенді де құттықтай отырып, деректі хикаясын ұсынып отырмыз.

дағды ала бастады. Мұнысы кәдеге асты да. Қарсыласынан бір мысқал басымдау тұратыны соның нәтижесі.

Батырдың бір ғана өкініші бар: өзінің кіндігінен туған Тәни, Қанет, Сатыпалды сияқты балаларына өз тәлімін жеткізе алмай-ақ келеді. Оған біріншіден — балалары әлі жас болса, екіншіден уақыт мұрсат бермей отыр. Үйде болуынан түзде болуы тым көп. Мұндайда ұрпаққа бәйбішесінің ықпалы басым. «Ештеңе етпес, өсер, өскенде бәрін ұғынар», — дейді мұндайда өзін-өзі жұбатып. Шынында кім іштен бәрін ұғынып туар дейсің тіршілік ерқашанда өз ықпалын танады. Адамзат соны мойындау арқылы шындалады ғой.

Найманның Матай бұтағынан шығатын Төртқара руының қоныстан қонысқа ауысуының себеп-салдары да уақыт — патшаның ықпалымен болған жағдайлар. Арғы-бергі замандарда Алтай бойын қуалай көшкен ел бірте-бірте толысып, қанатын жайып, бір ұшымен Жетісу бойын қамтыса, келе-келе оңтүстікті бетке алып, Түркістан маңынан кара көрсетті. Тағдырдың жазуынан, әрине. Ел шетіне жау тигенде жұдырық болып жұмылар сәт жеткенше тарыдай шашылған жұрт бас сауғалаудың әсерімен босып ала жөнеледі. Сосын есін жияды, етегін жабады. Тас-түйін бекінгенінде серіппедей созылып, басқыншыларды кері ысырады. Сөйтіп жүргенде бір ауыл бір қылтаға бауыр басса, екінші ауыл бір шүйігіннен айырылғысы келмей малын өрістетеді, ақырында пешенесіне бұйырғанды малданып, бәріне мойынсұнады. Сөйтесі де жана ортаға бейімделіп, қонысын жаңғыртады. Тіршілігіне ыңғайлы болса мүлдемге табан аудармауға бар. Оңтүстікке жылысқан Төртқараға біткен шаңырақтардың осы аралықта тұрақтап қалуының себеп-салдарлары да осымен теңдес. Енді, міне, мына құлпырған құба белдердің жыртысын жыртып, намысын көтеруге бел бұған. Оның ешқандай әбестігі жоқ. Әркім өз ошағының түтінінің түзу шығуына жауапты. Мына көкорай енді мұныкі. Олай болса, өзіндік үшін өзегінді жұлып беруге дағдылан.

Тұрқы бөлектеу бір қосынды айнала бергенде алдынан әнеуекүнгі шешен ақсақал бастаған бес-алты жасамыс адамдар тобы ұшырасты. Олар да сарбаздардың тыныс-тіршілігін аңдай шыққан ба,

едіреңі елге тұтқа бола алмайды. Осыны есінде ұстағайсың!

— Ақылыңызға құлдық, ақсақал!

— Тағы бір ескертерім: бәтуасыз керістен бәтуалы ұрыс ерге сын. Кездесер қырғыз жасағының мына іске еріксіз араласып отырғанын естен шығармағандарың да абзал. Олар өздерінен мықты жоңғарлардың айдауында шабаланған болымсыз төбеттер ғана. Шын қорқау әріде, арғы бетте. Осыны жадыларыңнан шығармасыңдар.

— Әлбетте, ақыл ғой! Тұрысқанмен тұрысу, шығысқанмен шығысу қандай әділеттілік болса, құлағанға айбат шегу әлсіздіктің нышаны екендігін біз де білеміз. Олай болса, әділдіктің ақ жолынан аттауға хақымыз жоқтығы бесенден белгілі.

— Бәрекелді! Жігіт сөзі осылай сөйленер болар!

Ұзаққырап кеткен үлкендер тобына екеуі келіп қосылғанда күн екіндіге еңкейген еді.

...

— Жігіттер сайлансын. Жорық — ай жарығында!

Ауыздан ауызға көшіп, құлақтан құлаққа жеткен осы сөз қосынды көктей өткенде ошақтардың оты сөндіріліп, қостар жығыла бастаған-ды. Бәрі ың-шыңсыз атқарылды. Тіпті, алғашқы қараңғылық та іске бөгет бола алмады. Әркім өзіне міндеттелген жұмысты тап-тұйнақтай атқарған шамада алтын қайықты елестеткен ай да қалықтап көкжиекке көтеріле берген. Онымен қоса жарық себезгілеп, айнала әжептәуір ағараңдап қалды. Сүттейі ақжайма түн. Көз жетер түс алақандағыдай ашық.

Ақсақал бастаған ауыл ақылшылары-

ның батасын алғаннан соң жасақ көп бөгелмеді, оңтүстік-батысқа бет бұрған қалыптары аттанып кетті. Ұзын-қарасы үш-төрт жүздіктің арғы-бергі жағында. Алдын-ала аттандырылған шолғыншы топтан өзiрге хабар шамалы. Соған қарағанда бекініс-бекеттерден бек аман.

Түн жайлы-ақ. Сол қапталды алып жататын тау беткейінен соққан салқын самал сергектікке шақырғандай. Анда-санда ат тұяғынан пыр-пыр етіп ұшқан құс екеш құстың дыбысы маң даланың тыныштығын бұза алмайды. Тiлерсектi соғатын көктің сусылы ғана бірқадым жерге жетеді. Дегенмен ол да тұнған табиғаттың тұмса қалпының қаймағын бұзғанда дәрмен таппайды, керісінше қобыз кылып ысқан ысқыштай бірқалыпты әуенге шомылдырады.

Жаугершілік заманның зіл-батпан жүгін арқалағанмен Апыр да ет пен сүйектен жаратылған адам емес пе, кейде саржелістен жалығып, ой әлемінің тұнбасына сұғынып кетеді. Мұндайда арғы-бергінің айдарынан жел есіп, екіндіге еңкейген өмір қатпарлары өзінің қалтарыстарын тоса қояды. Мұндайда таңдайға тәттінің дәмі келіп тамсанып-тамсанып қоятының да бар, жүректі сызып өтер қыжылдар да кездесіп қалады. Сөйтсе де, қайсысына жармасқаныңмен жанына жақын, көңіліңді арбайтын күш жеткілікті. Қанша айтқаныңмен өзің шиырлаған із емес пе, өмілдірігін тосқанда өлермендікпен еріп жүре бересің.

Төртқара руы бастау алатын матайлардың мекеніне айналған Шыңғыстаудың көзден бұл-бұл ұшқанына не заман. Өр Алтайдың айыр сілемдерінен кейін тауға ұмтылған асқақ көңіл Шыңғыстаудан Жетісуға қарай көш алғанына да біршама уақыт. Тіпті, одан да өтіп, Алатауға арқасын бере Түркістан маңына да бірқауым ел табан тигізіп үлгерген. Өсіп-өнгендіктің белгісі. Ұрпақ жолын ұрпақ жалғап, одан қосын өріп, боз көденің бозаңындай тармақтанып барады. Бұған қуанбағанда қайда қуанарсың? Сөйтсе де, әрі мен беріден түргінгендердің тіміскісіне қақпақыл жасамасаң тағы болмайды. Басқаша жағдайда тіленшінің түйнегіне айналып кетуің әбден мүмкін. Мына жорық та сондай бір қысастыққа қыр көрсетудің қам-қарекеті.

Төртқараның ұраны да — Қаптағай. Қаптағайдан тараған төрт қара ұланның құрметіне Төртқара атанған рудың өзегін талдырмайтын өзі сияқты батырлар. Апыр батыр болайын-ақ деп те батыр болған жоқ. Намысқа шапты, елінің елтірідей жансыз болып қалуынан қорғанып, атойға атой қосты. Белгілі бір ұрыста қарсыласының жекпе-жекке шыққан батырын жер қаптырып Қабанбайдай дарабоздан бата алды. Осының өзі-ақ есімінің қауым елге тарауына негіз болды. Енді, міне, қол бастап келеді. Бұл да намысқа шабудың белгісі.

Қол атшаптырым жазықты артта қалдырып, әлдеқандай төбенің етегін айналғанда шолғыншылардан хабар түсе бастады. Дәл қарсы бетте қосын жатқан секілді. Қосын болғанда қалың нөпір емес, шатыр тіккен сарабал тобыр. Әлде үйірінен адасқан көкжал, әлде тайранға үйренген саяқ, әйтеуір салтанаты басым, дегенмен бейқам. Кереге керіп, шаңырақ көтермегеніне қарағанда қазаққа да ұқсамайды — не шолжаңы көп жоңғар, не бодандыққа бас иген қырғыз.

— Шабамыз! — деді Апыр көп ойланбастан. Нөкерлер бір-біріне жымия қарасып, қындағы қылыштарға қол апар бергенде тағы тіл қатты:

— Қара жерді қанмен шылап қайтеміз, неғұрлым бейқамдық сақтасақ, солғұрлым шығын да аз болар!

Сол екі арада шолғыншылардан тағы хабар түсті. Оған қарасаң алдағы қосынның айналасы да тақыр. Маңайында тірлік белгісін танытқан қара байқалмайды.

— Сонда бұл неғылған бейқамдық?

Қолбасшының сұрағына иық қозғасқан нөкерлер әнтек бас шайқасумен тынды.

— Басынғандықтың белгісі де, — деді әлден уақытта топ арасынан әлдекім тіл қатып.

— Қазаққа қарсыласар қауқар қалмады деп мазақ еткені шығар...

— Мазактатармыз!

— Қабырғасын сөгіп, қара қанын сұдай шашайықшы бөрінің!

— Иә, сөйту керек, антұрғандарға!

Ырғастың асқынбауын ойлаған Апыр оң қолын жоғарыға көтергенде шу сап басылып, жауаңдаған көздер қолбасшының соңғы үкімін күте тына қалысты.

— Кеудемізде беріш боп қатқан шемен барын түсінемін, ағайындар. Сел боп төгіліп, семсердің айызын қандырар шаққа асыққандарыңды да ұғамын. Сөйтсе де ашуды ақылға жеңдірер шақ туып тұр. Ақыл жүрген жерде адасудың ауылы

аулақта. Олай болса, серпілер сөтте серпілмесек ер басымызға сын. Қазір де қал-қадірімізше қимылдап қалармыз. Солай бола тұра елдік пен ертеңімізді ойлауға мұрсат алайық. Қастасқан нағыз жау кездесе қақыратайық, ал момын елдің бұйдаға ергендерін ұшыратсақ — мойынға қан жүктемейік. Ал, әруақ қолдасын!

— Ата-баба рухы күш берсін!

— Қанға — қан, жанға — жан!

— Матай бабамның қолдауына сендім!

— Иә, сәт!

Кімнің қай қапталдан шабуылдайтынын, кімнің арқа-жонды таспалайтынын шешкен шағын мәслихаттан соң Апыр тағы бір жаңалықтың бетін ашқандай таңтамаша қалды. Бұрындары, он сегіз бен отыздың үстіндегі аралықта, жауға көзді жұмып қойып шабатын ер енді, міне, сабырға жүгінуге жақ. Бұл, бәлкім, есейгенінен, бәлкім ақылшы ақсақалдың тоқтамына жүгінгенінен, оны дел қазіргі жағдайда айыра алмағаны тағы аян.

Діттеген жерге баспалап таянған қол шартты белгі берілгенде «Қаптағайлап» атылды. Бұл таң сыбызғылаған тұс болатын. Ат тұяғынан дүние дүбірге айналып кеткендей.

— Қаптағай!

— Қаптағай!!

Ұраннаспан асты дүрлігіп ала жөнелгендей. Бауырын жаза шапқан аттың алды көзді ашып-жұмғанша жапанға тігілген шатыршалармен араласып та кеткен. Анда да, мында да ақырған, бақырған дауыстар дүниені жаңғырғытырады.

Қол ат қойған шамада қосынның дәл ортасында бой көтерген әлем-жәлем шатырды көздеп, соған нөкерлерімен тура тартқан Апыр адаспағанын кейін білді. Шатырдың сүйегін найза, қылышпен қақыратқанда дәл ортада тырайып жатқан қара шұбар қынапқа қол жүгіртпек тұрмақ, ұйқысынан оянып та үлгермеген сынайда. Атынан қарғып түскен Апыр қылышын ананың таямағына кезей бергенде де саспаған ол:

— Түсімде қап-қара бүркіт құлдилай түсіп жүр еді, сол сен екенсің ғой, — деді сәл жымиған қалпын сақтай.

— Қыран болсақ болармыз. Бірақ сенің қылпыған қылыш жүзінде тұрып қысылмағаның қай қылығың?

— Е, өзекті ерге бір өлім емес пе!? Өлімнен қорықсам әйелімнің етегіне тығыларедім. Кессең басым қолыңда!

Апыр мына адамның тегін еместігін сөзінен таныды. Тіл қолданысы жоңғардан бөлек, қырғызша сұңқылдайды. Ендеше, мұның да еріктен тыс ауылдан ұзағаны аян.

Батыр қылышын кері тарта бергенде анау жүзінен шап етіп ұстап, өзіне қарай тарта түсті.

— Бауырым, құным кешілген, басымды шауып кет! — деді сосын қырылдай. — Бодандыққа бұйдаланып елеусіз жатқан еліңе келдім. Енді сүмірейіп кері қайтсам — қай оңғаным. Одан да мына топырақ тәнімді жапсын. Сонда құдай алдында да, адам алдында да күнәсіз боламын.

Жасандылығы жоқ сөзден енді Апыр тосылды. Ол қылышын тастай беріп, қара шұбарды иығынан қаусыра құшақтады да, бар күшін сала жерден көтеріп алып, аяғынан дік етіп тұрғыза қойды, сосын:

— Кінәласып қайтеміз, көкейіңді көмейіңнен танығандаймын, қырғыз бауыр! Көңілің қараға, қолың қанға боялмаған екен — елім алдында да еш күнәң жоқ.

— Иә, төскейде малымыз, төсекте басымыз біріккен халық едік. Енді де арамызды айырмасын деген тілекті алдына тоссам қайтер едің?

— Достық құшаққа достық пиғылмен енетінім ақиқат!

Екеуі құшақ жайысты. Бұл көршілес қырғыз елінің бір айтулысы Шабданхан (кей шежіреде Қаражүніс атанады) болатын.

Сол жолғы жорықтың сәтті аяқталғаны баршаға мәлім. Жау бетін Шабданханмен қосындаса қайырған Апыр еліне салтанатпен қайтар жолда тағы бір олжаға кенелді. Шабданхан (Қаражүніс) қызын Апырға қосып, кейіннен олардан Жанбатыр атты бала туады. Жанбатырдан тараған ұрпақтар қазір Түркістан, Жезқазған аймағын мекен етеді. Бірқауым ел.

Апырдың қайтқан мезгілін біреулер 1736 жылға телісе, енді біреулер 1739 жылға жылжытады. Ақиқаты — Түркістан үшін ұрыста көз жұмғаны. Ол Қожа Ахмет Яссауи мешітінің жанындағы батырлар қорымына жерленген.